

**«БІР ЕЛ – БІР КІТАП» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА 2020 ЖЫЛЫ
ҰЛЫ ФИЛОСОФ ӘЛ-ФАРАБИГЕ 1150 ЖЫЛ,
АҚЫН, ЖАЗУШЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНА 175 ЖЫЛ
ТОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ «ЖЫЛ КІТАБЫ» КӨРМЕСІНІҢ
ВИРТУАЛДЫ НҰСҚАСЫ**


Жыл кітабы

❖ Әнуар Әлімжанов «Ұстаздың оралуы»


❖ Мұхтар Әуезов «Абай жолы»

Көрменің мақсаты қазақтың екі бірдей ғұламасы, ойшыл, кемеңгер философы, жазушы, ұстаз, бірі ақын, бірі ғалым Абай мен әл-Фарабиді әр оқырманымызға жетік таныстырып, олардың өмір жолын, шығармашылығын, бізге қалдырған асыл мұрасын толықтай жеткізу. «Бір ел – бір кітап» акциясын бұдан әрі Кітапханамызда дәстүрге айналдырып, жыл сайын таңдалған «Жыл кітабын» оқырманға жеткізуді мақсат ету.

Әл-Фараби кітапханасында ұйымдастырылған «Бір ел – бір кітап» көрмесі Мұхтар Әезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романына арналады.



*Мұхтар Әуезов
«Абай жолы» роман-
эпопеясы*



*Әнуар Әлімжанов
«Ұстаздың оралуы»*








Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақтың көркем прозасын жоғары деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіне биік эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды.

Бірінші кітап жас Абай қызықтаған жастық романтикасына негізделіп, оның ел тіршілігімен танысып, ашылуын бейнелесе, *екінші кітап* ақындыққа, ойшылдыққа бетбұрысты танытады. Мұнда жастық романтикасының орны, адамдар арасындағы тартыс айтылады. *Үшінші кітап* Абайдың өз ортасынан бөлініп шығып, туған халқымен табысуын, халыққа бетбұрысын танытса, *төртінші кітапта* Абай жолының кеңейіп, қалаға, далаға тарауын, оның үлкен қоғамдық күшке айналуын көрсетеді.


«Ұстаздың оралуы» романында Әнуар Әлімжанов сонау Х ғасырда өмір кешкен кемеңгер жерлес ғалымымыз, кезінде «Шығыстың екінші ұстазы» атанған Әбунасыр әл-Фарабидің ғибратты өмірін сөз етеді. Адамдықтың, жақсылықтың мәңгілік жауы - надандық тұманын сейілту үшін, жамағатшылыққа ең адал, таза даму, көркею жолын іздеп, ақиқатпен, біліммен қаруландыру үшін өмір бойы еңбектенген, өз басының тыныштығы мен бақытын осы мақсатқа құрбан еткен, ғажайып ғалым әл-Фарабидің өшпес онегесін айту әрі ауыр, әрі құрметті міндет еді. Бір халықтың емес, барша халықтың алдына білім шырағын жаққан, артына таусылмас мол рухани байлық қалдырған әл-Фарабидің жарқын тұлғасы романда үлгі аларлық болып шыққан. (<https://el.kz/>)




«Жазушылардың шығармалары»




Әлімжанов Ә. Жазушы :
роман. Орысшадан
аударған С.
Мұратбеков. – Алматы
: Жазушы, 1976 – 320 б.



Әлімжанов Ә. Көгілдір
таулыр : повестер.
Орысшадан аударған С.
Мұратбеков. – Алматы :
Жалын, 1982 – 384 б.




Әлімжанов Ә.
Махамбеттің жібесі :
– Алматы, RS;
Халықаралық Абай
клубы, 2016, – 384 б.




Әлімжанов Ә.
Отырардан жеткен сый
: повестер. Аударған С.
Мұратбеков. – Алматы
: Жазушы, 1974 – 304 б.



Әузов М. О.
Шығармалар
жинағы : – Алматы :
Өлке, 2012. – 384 б.



Әузов М. О. Қилы
заман : Әңгімелер
және хикаят. –
Алматы : Раритет,
2004. – 280 б.



Әузов М. О. Өскен
өркен : роман. –
Алматы : Жалын,
1977

Назарларыңызға рахмет!